№26 (20 839)
27 маусым,
2024 жыл, бейсенбі

Atr.kz

# Атырау

Облыстық қоғамдық-саяси газет

Atyrau.gazeti
atyrau_gazeti@mail.ru
Атырау газеті
www.atr.kz

*28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің күні

# ЕҢБЕГІ БАР, ...АТАҒЫ ЖОҚ МАМАНДЫҚ




ЕРТЕҢ – БҰҚАРА МЕН БИЛІК АРАСЫНДАҒЫ «АЛТЫН КӨПІР» САНАЛАТЫН БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ. ЕЛ САЯСАТЫН ЖҰРТШЫЛЫҚҚА НАСИХАТТАП, БҰҚАРАНЫҢ МҰҢ-МҰҚТАЖЫН АТҚАРУШЫ ОРЫНҒА ЖЕТКІЗІП ОТЫРҒАН ЖУРНАЛИСТЕР ЕЛІМІЗДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНА ӨЗ ҮЛЕСТЕРІН ҚОСЫП КЕЛЕДІ.

ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНІҢ «ҚАРЛЫҒАШТАРЫНАН» БАСТАУ АЛҒАН ОТАНДЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА БҮГІНДЕ СОЛ САРА ЖОЛДЫ ЖАРАСЫМДЫ ЖАЛҒАП КЕЛЕДІ. ЕҢ БАСТЫСЫ, ЖАҢАДАН ҚАБЫЛДАНҒАН «МАСС-МЕДИА ТУРАЛЫ» ЗАҢ «АРҚАЛАҒАНЫ – АЛТЫН, ЖЕГЕНІ – ЖАНТАҚ» ЖУРНАЛИСТІҢ АРҚА СҮЙЕП, ЖОЛ СІЛТЕР НҰСҚАУЛЫҒЫНА АЙНАЛУЫ ТИІС. МЕДИАНАРЫҚТЫҢ ТРЕНДТЕРІН НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛДЫРМАҒАН ӨҢІРЛІК БАҚ ӨЗІНЕ АРТЫЛҒАН ЖҮКТІ АБЫРОЙМЕН АТҚАРЫП ОТЫР. БИЫЛ ӨҢІРДІҢ ТӨЛ БАСЫЛЫМЫ – ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ «АТЫРАУ» ГАЗЕТІ ҒАСЫРЛЫҚ БЕЛЕСТЕН ӨТІП, 101 ЖАСҚА ТОЛАЙЫМ ТАБЫСТАРМЕН ҚАДАМ БАСТЫ.

## АТЫРАУ газетіне екінші жарты жылдыққа жазылу жүріп жатыр

Баспасөз-2024

**Жазылу бағасы:** *(теңгемен)*

| 3 ай | «ҚАЗПОШТА» АҚ АРҚЫЛЫ | |
|---|---|---|
| | ҚАЛА | АУДАН |
| ИНДЕКС | 66424 | 16424 |
| Жеке тұлғалар үшін | 1518,60 | 1630,44 |
| Заңды тұлғалар үшін | 3133,20 | 3245,04 |

| 6 ай | «ҚАЗПОШТА» АҚ АРҚЫЛЫ | |
|---|---|---|
| | ҚАЛА | АУДАН |
| ИНДЕКС | 66424 | 16424 |
| Жеке тұлғалар үшін | 3037,20 | 3260,88 |
| Заңды тұлғалар үшін | 6266,40 | 6490,08 |



Газетке жазылу **«Қазпошта» АҚ-ның** барлық бөлімшелерінде жүргізіледі.

*Оқиға*

## Нөсер жауынның салдары



ҰЙЫТҚЫҒАН ЖЕЛ МЕН ТӨПЕЛЕЙ ЖАУҒАН ЖАУЫН АТЫРАУЛЫҚТАРДЫ ӘП-СӘТТЕ ӘБІГЕРГЕ ТҮСІРДІ. КӨШЕДЕГІ КӨЛІК ҚОЗҒАЛЫСЫ ТОҚТАП, КЕЙБІР НЫСАНДАРДЫҢ ТӨБЕСІНЕН ШЕЛЕКТЕП СУ АҚТЫ. ӨКІНІШТІСІ, ОСЫ ОҚИҒАДАН ЖЕТКІНШЕК ҚАЗА БОЛДЫ.

Қатты желдің салдарынан облыс орталығындағы 3 электр бағанасы құлаған. «Сол себептен аймақтың кей бөлігінде жарық өшті. Осыған орай жедел түрде бригада ұйымдастырылып, электр қуатын қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді» деді Атырау энергокешенінің баспасөз хатшысы Эльвира Самешова.

Сейсенбі күні қаланың біраз бөлігінде осылайша жарық болмады. Мұның себебін «Атырау Жарық» АҚ-ның өкілдері Атыраудағы электр желілерінің бәрі кәсіпорынның иелігіне жатпайтындығымен түсіндіріп отыр. «Оның ішінде әкімдікке, «қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ қарайтын желілер де бар» делінген Атырау энергокешенінің баспасөз қызметі таратқан хабарламада.

**Азамат САНСЫЗБАЙҰЛЫ**

*Кәсіби мереке*

## Бильярд клубындағы БАСҚОСУ



Бауыржан Жұмат



Мәди Өтеғалиев



Қазбек Кертаев

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА КӘСІБИ МЕРЕКЕ ИЕЛЕРІ ҮШІН ӘДЕТТЕГІДЕН ЕРЕКШЕ ФОРМАТТАҒЫ ШАРА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. АТАП АЙТҚАНДА, АРДАГЕР ЖУРНАЛИСТЕР МЕН ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТТЕ ЖҮРГЕН ӘРІПТЕСТЕРІ АТЫРАУДАҒЫ «DE LUXE» БИЛЬЯРД КЛУБЫНДА БАС ҚОСТЫ.

(Толығырақ 3-бетте)

рулары үшін, жыртылу үшін ұсынылады. Күніне 3 рет 2 тамшыдан
3 курс ұсынылады. 1 курс 2 құты.

11 шілде, сағат 13.00-14.00-ге дейін,
Атырау қ., «Алматы» қонақ үйі, (Махамбет к-сі, 125 а,
кіру Әлипов к-сі жағынан).

«Тұтынушыларға және өзге де мүдделі тұлғаларға реттеліп көрсетілген қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну жөніндегі табиғи монополия субъектісінің қызметі туралы жыл сайынғы есепті өткізу» қағидаларына сәйкес «Атырaугазинвест» ЖШС-нің 2024 жылдың 1 жартыжылдығына табиғи газды тасымалдау қызметі бойынша қорытынды есеп беру жөніндегі қоғамдық тыңдау күні – 2024 жылдың 26 шілдесінде болатындығын хабарлайды.

Өтетін уақыты: 11.00-де. Өткізілетін орны: Атырау қаласы, Құлманов көшесі, 115.

«Metan Gas» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің 87-бабы 2-тармағының талаптарына сәйкес 2024 жылғы 5 шілдеден бастап 5 жұмыс күні ішінде Бірыңғай экологиялық порталда (Ecoportal.kz) 2024-2033 жылдарға арналған «Metan Gas» ЖШС үшін қоршаған ортаны қорғау бөліміне сәйкес қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды. Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталы сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда қабылданады.

«PromGaz BP» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің 87-бабы 2-тармағының талаптарына сәйкес 2024 жылғы 5 шілдеден бастап 5 жұмыс күні ішінде Бірыңғай экологиялық порталда (Ecoportal.kz) 2024-2033 жылдарға арналған «PromGaz BP» ЖШС өнеркәсіптік алаңдарындағы шығарындылар көздері үшін қоршаған ортаны қорғау бөліміне сәйкес қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды. Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталы сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда қабылданады.

# Қоғамды...

**Атырау ·ст.ЖП... аралығында «Құқ... шарасының (ЖПШ... мыналар белгіленге...**

– көшелер мен ба... орындарда қоғамдық...

– вандализм, мү... қауіпсіздігі желісінде...

– тұрмыстық зорл... қатысты құқық бұзу...

Тәртіп сақшылар... аясында бақылауды к... тиісті жауапкершілік...

Сондай-ақ, сағ... қадағалауынсыз жас... керектігі ескертіледі...

